

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының»"Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі басқармасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы N 8 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2008 жылғы 26 ақпандағы Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5150 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 172 Қаулысымен.

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.04.28 № 172 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.**

**Қолданушылардың назарына!!!**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.**

Екінші деңгейдегі банктердің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі (бұдан әрі - Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1189 тіркелген) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2000 жылғы 9 қазандағы N 377 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 1302 тіркелген), Агенттік Басқармасының, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде N 1189 тіркелген, "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу

туралы" 2004 жылғы 25 қазандағы N 302 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3221 тіркелген, Қазақстан Республикасы орталық атқарушы және өзге де мемлекеттік органдарының нормативтік құқықтық актілері Бюллетенінде 2005 ж., N 9-13, 43 құжаттар жарияланған), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру тәртібі туралы нұсқаулықты бекіту туралы" 2000 жылғы 2 маусымдағы N 262 қаулысына өзгерістер енгізу туралы" 2004 жылғы 27 желтоқсандағы N 395 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3408 тіркелген), Агенттік Басқармасының "Қазақстан Республикасының, кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысымен (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген) енгізілген өзгерістер мен толықтырулармен бірге мынадай толықтырулар мен өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Банктер қаражатының бір бөлігін ішкі активтерге орналастыру жөніндегі нұсқаулықта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктер есеп беретін айдың ішінде меншікті қаражатын және тартылған қаражатты ішкі активтерге орналастырады, бұл ішкі активтердің орташа айлық мөлшерінің жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшері, реттелген борыштың орташа айлық мөлшері, мерзімсіз қаржы құралдарының орташа айлық мөлшері, банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың орташа айлық мөлшері және ішкі міндеттемелердің орташа айлық мөлшерінің сомасына қатынасы 1-ден кем болмауы тиіс";

2-тармақтың екінші абзацы "Қазақстан Республикасының" деген сөздердің алдында "Банк шығарған борыштық бағалы қағаздардан басқа," деген сөздермен толықтырылсын;

4-1 және 4-4-тармақтарында "оның орнындағы" деген сөздер "есепке қол қоюға уәкілетті" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4-2. Банктер қосымша мәліметтерді уәкілетті органға күн сайын электрондық тасымалдағышта есепті күннен кейін келетін жетінші жұмыс күні Астана қаласы бойынша 18.00 сағаттан кешіктірмей ұсынады.";

1, 2, 3-қосымшалар осы қаулының қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2008 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі.

3. Стратегия және талдау департаменті (Г.А. Ділімбетова):

1) Заң департаментімен (Н.В. Сәрсенова) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қолға алсын;

2) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Ақпараттық технологиялар басқармасы (А.Ж. Бейсенбаев) 2008 жылғы 1 шілдеге дейінгі мерзімде "Екінші деңгейдегі банктерден есептік-статистикалық ақпаратты жинақтау және өңдеу" автоматтандырылған ақпараттық шағын жүйенің жетілдіруін қамтамасыз етсін.

5. Агенттіктің Төрайымының қызметі осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымы Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау агенттігінің  
2008 жылғы 25 қаңтардағы

№ 8 қаулысына қосымша

"Қаражатының бір бөлігін ішкі  
активтерге орналастыру  
нұсқаулыққа 1-қосымша

банктің атауы

200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ішкі активтердің орташа айлық  
мөлшерінің және қаражаттың бір бөлігін ішкі активтерге  
орналастыру коэффициентінің есебі

Активтер	Есеп беретін айдың бойынша активтер күндері ішкі					Ішкі активтердің орташа айлық мөлшері
	1	2	3	...	n	
А						
1. Ақша мен салымдар						
2. Берілген заемдар						

3. Борыштық бағалы қағаздар							
4. Дебиторлық берешек							
5. Жарғылық капиталға қатысуы							
6. Тазартылған қымбат металдар							
7. Жылжымалы мүлік							
8. Жылжымайтын мүлік							
9. Материалдық емес активтер							
Қазақстан Республикасындағы активтердің орташа айлық мөлшерінің жиынтығы							
Ішкі активтердің орташа айлық мөлшерінің жиынтығы							

Жұмыс күнінің айлық саны \_\_\_\_\_

Банктің меншік капиталының мөлшері \_\_\_\_\_

Жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшері \_\_\_\_\_

Ішкі активтердің орташа айлық мөлшері \_\_\_\_\_

Ішкі міндеттемелердің орташа айлық мөлшері \_\_\_\_\_

Ішкі активтерге қаражаттың бір бөлігін \_\_\_\_\_

орналастыру коэффициенті \_\_\_\_\_

Б і р і н ш і б а с ш ы н е м е с е  
е с е п к е қ о л қ о ю ғ а у ә к і л е т т і а д а м

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)  
Б а с б у х г а л т е р

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты) (қолы)  
күні мөр

Банктер қаражатының  
бір бөлігін ішкі активтерге  
орналастыру жөніндегі  
н ұ с қ а у л ы қ қ а  
2 - қ о с ы м ш а

\_\_\_\_\_

банктің атауы  
200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ ішкі және өзге міндеттемелердің  
орташа айлық мөлшерінің есебі

Міндеттемелер және жарғылық капитал	Есеп беретін айдың күндері бойынша ішкі міндеттемелер				
	1	2	3	...	n
1. Салымдар					
2. Алынған заемдар					

3. Кредиторлық берешек					
Ішкі міндеттемелердің орташа айлық мөлшерінің жиынтығы					
4. Реттелген борыш					
5. Банк шығарған борыштық бағалы қағаздар					
6. Мерзімсіз қаржы құралдары					
7. Төленген жарғылық капитал (акциялар)					
Орташа айлық ішкі міндеттемелер, реттелген борыштың орташа айлық мөлшері, банк шығарған борыштық бағалы қағаздардың орташа айлық мөлшері, мерзімсіз қаржы құралдарының орташа айлық мөлшері, жарғылық капиталдың орташа айлық мөлшері сомасының жиынтығы					

Б і р і н ш і   б а с ш ы   н е м е с е  
е с е п к е   қ о л   қ о ю ғ а   у ә к і л е т т і   а д а м

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты)   (қолы)

Б а с   б у х г а л т е р

\_\_\_\_\_

(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты)   (қолы)

күні   мөр

Банктер қаражатының  
бір бөлігін ішкі активтерге  
орналастыру жөніндегі  
н ұ с қ а у л ы қ қ а  
3 - қ о с ы м ш а

\_\_\_\_\_

банктің атауы  
200\_\_ жылғы "\_\_\_" \_\_\_\_\_ қаражаттардың бір бөлігін ішкі  
активтерге орналастыру коэффициентін есептеуге  
арналған қосымша мәліметтер

Белгі- н і ң нөмірі	Көрсеткіш атауы	Сомасы
1	2	3
8801	Қолма қол теңге	
8802	Қазақстан Республикасының резиденттері - екінші деңгейдегі банктердегі	

	салымдар және ностро шоттар	
8803	Қазақстан Республикасының резиденттеріне берілген заемдар	
8804	Қазақстан Республикасы резиденттерінің борыштық бағалы қағаздары	
8805	Қазақстан Республикасы резиденттерінің дебиторлық берешегі	
8806	Жарғылық капиталға қатысуы	
8807	Қазақстан Республикасы аймағында сақталатын тазартылған қымбат металдар сомасы	
8808	Қазақстан Республикасы аймағындағы жылжымалы мүлік	
8809	Қазақстан Республикасы аумағында орналасқан жылжымайтын мүлік	
8810	Қазақстан Республикасындағы материалдық емес активтер	
8811	Қазақстан Республикасы резиденттері - екінші деңгейдегі банктердің салымдары мен лоро шоттары	
8812	Қазақстан Республикасы резиденттерінің салымдары	
8813	Қазақстан Республикасы резиденттерінен алынған заемдар	
8814	Қазақстан Республикасы резиденттері алдындағы кредиторлық берешек	

Б і р і н ш і   б а с ш ы   н е м е с е  
е с е п к е   қ о л   қ о ю ғ а   у ә к і л е т т і   а д а м

-----  
(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты)   (қолы)

Б а с   б у х г а л т е р

-----  
(фамилиясы, аты, бар болса - әкесінің аты)   (қолы)

күні мөр."

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК